




Ақмешіт

7 ақпан
сейсенбі
№11 (1918)
2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ЖИҢАЗ ӨНДІРІСІ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Қазір елдің талғамы өзгерді. Бұрын Германияның, Польшаның немесе Ресейдің жиһазы деп тамсанатын болса, қазір өзімізде тапсырыспен жасатқанды жақсы көреді. Тапсырыспен жиһаз жасатуға сұраныс артқаны соншалық, бүгінде жиһаз жасаумен айналысатын кәсіпкерлер саны артып келеді. Алайда бұл өзіміз жиһаз өндіріміз дегенді білдірмейді. Шикізат көзі импортқа тәуелді саланың құлашын кеңге жая алмай тұрғанының бір себебі осында. Қарапайым ғана мысал келтірсек, шкаф есігінің тұтқасына дейін сырттан келетін жиһаз өндірісінің проблемасы жетерлік. Мұны сол саланың қазанында қайнағандар жақсы біледі. Барлық шикізат сырттан келетіндіктен де жергілікті жерде тапсырыспен жиһаз жасату арзанға түспейді. Дегенмен сұраныс бар. Елімізде жиһаз өндірісін қолдау қандай деңгейде? Өзімізде жасалған жиһаз неге қымбат? Жиһаз өндірісіндегі осы секілді көкейкесті сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, биыл елімізде жиһаз өндірісі бойынша төрт ірі жоба іске қосылмақ. Бүгінде бұл кәсіпорындар құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізіп, өндіріс ошағына қажетті жабдықтарды сатып алуда. 2022 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша жиһаз өнімдерінің өндіріс көлемі 16,4 млрд теңгені құрады. Атап айтқанда, қаңқасы металдан жасалған отыруға арналған жиһаз өндірісі 6%-ға, кенесі арналған ағаштан жасалған жиһаз 30,4%-ға, ас үй жиһазы 33,5%-ға, сондай-ақ жағын бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаздар өндірісі 2,2%-ға артқан. «Бүгінде Қазақстанда жиһаз өндірісі қарқынды дамып келеді. Салда жаңа кәсіпорындар ашылып, өндіріс ошақтарының отандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі артады. Жалпы елімізде тұрғын үй құрылысы жылдан-жылға қарқын алғанына орай жиһаз өнімдеріне деген сұраныс та жоғары», – дейді сала мамандары.

Қазір Қызылорда облысында 100-ден астам жиһаз цехы бар. Оның ішінде ірі, шағын кәсіптер де бар. Ірі кәсіп иелері қазір қарқынды даму үстінде. Мәселен, қазір боялған ағаштар сапалы. Қазір ірі жиһаз цехтары ағаштарды өзі бояйды. Бұрынғы технологиялар өтпей қалды, жаңа технологияларды қолдану – уақыт талабы. Бұл да үлкен жетістіктің бірі. Қазір тапсырыспен жиһаз жасау үлкен сұраныста. Сұранысқа сай жұмыс істеуге тырысып жатырмыз. Осы мақсатта жаңа құрал жабдық алу үшін 6 пайызбен берілетін несие алып, жиһаз цехын жаңартып жатырмыз.

2 бетте

Білім – білікті елдің болашағы. Сондықтан ол әрдайым қырағы қадағалауды, айрықша мән беруді талап етеді. Облыс орталығында осы салаға ерекше назар аударылған. Қазір бұл бағытта жаңа әдістер, тың тәсілдер еңуде. Бұл үдерістен шығу үшін Қызылорда қаласында білім сапасын көтеру бағытындағы қажетті іс-шаралар жалғасын тауып келеді. Соның бір парасы ретінде ұстаздарды қолдау, оқушылар мен тұлғаларға барынша жағдай жасау – қашанда негізгі міндет.

БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП



– Бүгінде білім бөліміне қарасты 55 мектепте 68 268 бала білім алууда. Онда 7 336 мұғалім дәріс береді. 2021-2022 оқу жылында 2480 оқушы бітіріп, оның ішінде 1259 мектеп бітіруші грант иегері атанды. Қазіргі таңда қалалық білім бөліміне қарасты 5 қосымша білім беру ошағында 5 766 бала заманауи техникалық үйірмелермен қамтылып, республикалық және облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді. Сонымен қатар мектеп жанындағы спорттық секциялар, үйірмелер, аула клубтары жұмысы да жүйелі жолға қойылған. Қазіргі таңда мектептер жанынан 640 спорт секциясы жұмыс жасап, оған барлығы 17 325 бала, ал мектептердегі 521 үйірмеге барлығы 14 372 оқушы қатысады, – деді қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Боданов. Бәсекеге қабілетті ұлт тәрбиелеу жолында білім сапасын арттыру қашаннан маңызды. Ол үшін оқушылардың оқулықпен қамтылуы айтарлықтай рөл атқарады. Жыл сайын жаңа оқу жылы басталар алдында бұл мәселе алғашқы күн тәртібіне қойылады. Соның нәтижесінде мектептер жаңа оқулықтармен қамтылып отыр. Айта кеткен жөн, бүгінде оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу бағдарламасы бойынша қаладағы барлық мектеп толықтай оқулықтармен қамтамасыз етілген. Демек, өрендердің алансыз білім алуына негіз бар. Жас ұрпақ үшін алға қойылған негізгі міндеттің бірі – олардың заманауи ғимаратта білім алуы. Бұл да кезең-кезеңімен орындалуда.

2 бетте

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында өткен брифингте су мамандары алаңдауға негіз жоқ екенін және бақылау, дайындық жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Жалпы, көршілес Түркістан облысында болған су тасқынынан кейін Қызылорда халқы да табиғи апаттан үрейленіп отырғаны жасырын емес. Осы мәселеге орай Арал-Сырдария бассейні инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Зейнолла Қазтоғанов пен «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының су шаруашылығы нысанының пайдалану бөлімінің басшысы Айдос Асанбаев баспасөз жиынына жиналды.



СЫРДАРИЯДАҒЫ СУ ДЕНГЕЙІ: АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

– Қазіргі таңда Шардар су қоймасындағы су көлемі 4633 млн текше метр, қоймаға түсіп жатқан су көлемі секундына 1453 текше метр және төменге тасталып жатқан су көлемі секундына 900 текше метрді құрап отыр. Ал Қызылорда облысы шекарасындағы Көктөбе су бекеті арқылы секундына 645 текше метр су келіп, Қызылорда су торабынан өзеннің төменгі ағысына 416 текше метр су жіберіледі. Одан әрірек Әйтек су торабына 370 және Қараөзек арнасына 42 текше метр су жіберіледі, – дейді Арал-Сырдария бассейні инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Зейнолла Молдағалиұлы. Маманның айтуынша, қазіргі кезде Қызылорда облысында су деңгейі бір-қалыңты. 3 ақпанда Арыстан Көксарайға келетін су көлемін есептеп, суды облыс аумағындағы тораптарға қауіпсіз рет-

тестіру жобаларын есептеп қойған. Сонымен қатар су шаруашылығының жағдайына да күнделікті жергілікті атқарушы орган, төтенше жағдай мамандары және су шаруашылығы ұйымдарымен үздіксіз бақылау жүргізіледі. – «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының әр ауданда өндірістік бөлімшелері бар және ондағы мамандар үздіксіз жұмыс атқаруда. Қазіргі таңда қауіптің алдын алу мақсатында барлық ауданда іс-шара жоспары бекітіліп, 24 сағаттық бақылауға алынды. Су тораптары пайдалану ережелеріне сәйкес транзиттік режимде жұмыс істеуде, – дейді «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының су шаруашылығы нысанының пайдалану бөлімінің басшысы Айдос Асанбаев. Айдос Әлібекұлы өз сөзінде Сырдария өзеніндегі ахуал тұрақты екенін және

өзеннің әр учаскесі мамандар бақылауында екенін айтты. Ал көршілес аймақтағы жағдай туралы бөлім басшысы: «Түркістан облысындағы жағдай біздің өңір халқын алаңдатпай қойған жоқ. Бірақ ол жағдайдың су деңгейінен емес жауын-шашынның әсерінен болғанын ескеру қажет. Ал келетін судың мөлшері Көксарай су торабы арқылы реттеліп отыр», – деп жауап берді. Тағы бір айта кетерлігі, Су ресурстары комитеті тарапынан штаб құрылып, 15 қаңтардан бастап «Қазсушар» РМК-ның облыстық филиалында тәулік бойы жұмыс істейтін диспетчерлік пункт ашылған. Яғни өңір тұрғындары кез келген уақытта «23-36-68» байланыс нөміріне қоңырау шалып, аймақтағы су деңгейі және оған қатысты мәселеге ресми, толыққанды мәлімет алуына мүмкіндік бар.

А.БІРКЕНОВ

САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Алда үлкен саяси науқан. Президент Жарлығымен 19 наурыз күні Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Бұл сайлаудан халық үміт күтіп отыр. Қазіргі уақытта облыстық сайлау комиссиясы жергілікті әкімдікпен бірге сайлау процесін өткізу жұмыстарын бастап кеткен.

Аймақтағы Мәжіліс және парламент сайлауына дайындық қалай, қанша үміткер тіркелді? Бұл жөнінде облыстық сайлау комиссиясының мүшесі Абай Тағыбергенов білген едік.

– Облыс бойынша мәслихат депутаттарына барлығы 152 мандат бөлінген. Оның 32-і облыстық деңгейде, оның ішінде 50 пайызы партиялық тізім бойынша, 50 пайызы бір мандатты мажоритарлық жүйемен ұсынылады.

Қызылорда өңіріндегі дауыс беруші халық саны бойынша Мәжіліске бір квота бөлінген. Азаматтар өзін-өзі ұсыну мүмкіндігіне ие болады. Өңірде барлығы 516 сайлау комиссиясы орналасқан. Оның 9

аумақтық (63 адам), 134 округтік (670 адам), 373 учаскелік (2649 адам) сайлау комиссиясы. Оларда 3382 комиссия мүшесі жұмыс істейді. Олардың барлығына сайлау аяқталғанға дейін еңбекақы төленеді, – дейді облыстық сайлау комиссиясының мүшесі.

Облыстық сайлау комиссиясы берген мәліметке сүйенсек, 20 қаңтардан бастап депутаттыққа үміткерлер өзін-өзі ұсыну тәртібімен құжаттарын комиссияларға ұсынууда. Кандидаттардың тиісті құжаттары қабылданып, сәйкестігі немесе сәйкес еместігін анықтау жұмыстары жүргізілуде. Кандидаттар үшін жарнапұл айқындалған. Сайлау кезеңінде Мәжіліс депутатына кандидат ҚР заңнамасында белгіленген ең төменгі

жалақының 15 еселенген мөлшерінде, яғни 1 миллион 50 мың теңге, мәслихат депутатына үміткер азамат ҚР заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының 5 еселенген мөлшерінде, яғни 350 мың теңге жарнапұл төлейді.

Сонымен қатар сайлаушылар үшін ақпараттар қолжетімді. Аймақтағы дауыс беруші 492443 азаматтың тізімі жасалды.

Сайлаушылардың дауыс беру учаскесін нақтылау үшін telegram бот және «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасы арқылы «Өзіндік сайлаушылар тізімінен тексер» сервисі іске қосылды, 109 call-орталығы жұмысын бастаған.

Сайлау процесінің ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз ету үшін барлық сайлау комиссия мүшелерін оқыту және әдістемелік бағыт-бағдар беру үшін арнайы оқыту-семинарлары бас-талды. Барлығы 1500-ге жуық маман оқытылды.

Айтқын АЙТЖАНОВА

СҰХБАТ


Гүлжан ТӨРЕХАНҚЫЗЫ, дәрігер-эндокринолог:

ЖЫЛЫНА 2 РЕТ ЙОД ТЕРАПИЯСЫН ЖАСАҒАН ЖӨН

Бүгінде қант диабетінен кейін кең тараған сырқаттың бірі – қалқанша безі аурулары. Адам ағзасындағы зат алмасуды реттеп отыратын ішкі секреция бездері қызметінің бұзылысы қыз-келіншектер арасында жиі кездеседі. Мұндай өзгеріс өз кезегінде қауіпті дерттерді тудырады. Осы орайда №6 қалалық емхананың эндокринолог маманы Гүлжан Төреханқызынан көпшілікті мазалайтын эндокринолог аурулар жөнінде сұрағанды жөн көрдік.

3 бетте





ЖИҢАЗ ӨНДІРІСІ

ҚАЛАЙ ДАМУДА?

ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕРЛЕР ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ӘКЕЛУДЕ

Осы орайда өңірде жиһаз өндірісін дамытуға үлес қосып жүрген белгілі кәсіпкерлердің пікірін сұрадық. Қаладағы белгілі «Диана» жиһаз салонының иесі Жібек Қожахметова қазір жергілікті жерде де жиһаз өндірісінде жаңа технологияны енгізіп жатқан әріптестерінің аз емес екенін, сұраныс пен талғамға сай түрлі жиһаздар жасалып жатқанын айтты.

– Қазір Қызылорда облысында 100-ден астам жиһаз цехы бар. Оның ішінде ірі, шағын кәсіптер де бар. Ірі кәсіп иелері қазір қарқынды даму үстінде. Мәселен, қазір боялған ағаштар сапалы. Қазір ірі жиһаз цехтары ағаштарды өзі бояуда. Бұрынғы технологиялар өтпей қалды, жаңа технологияларды қолдану – уақыт талабы. Бұл да үлкен жетістіктің бірі. Қазір тапсырыспен жиһаз жасау үлкен сұраныста. Сұранысқа сай жұмыс істеуге тырысып жатырмыз. Осы мақсатта жаңа құрал жабдық алу үшін 6 пайызбен берілетін несие алып, жиһаз цехын жанартып жатырмыз, – дейді кәсіпкер.

ЖИҢАЗ БАҒАСЫ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Шынында, соңғы кезде тапсырыспен жасалған жиһаз бағасы өте қымбатқа түседі. Себебі сырттан келетін шикізат бағасының қымбаттауы, әлемдік геосаяси жағдай да жиһаз бағасына әсер етпей қоймады.

– Тұтынушы өз таңдауымен, талғамына сай түрлі фурнитуралар таңдайды. Қазір шетелдік фурнитуралар 10 есе қымбаттап кетті. Бұрын ауа сорғыш, газ плиталары 30-40 мыңға алсақ, қазір 150 мыңның үстіне шығып кетті. Осындай себептермен тапсырыспен жасалған жиһаздар қымбат болып тұр. Кейде жиһаз бағасы 2 млн-ға дейін барады. Себебі

Басы 1-бетте

3 метр биіктікке, сапалы ағаш бояуы, фурнитуралар бағасын қосқанда жиһаз осындай бағаға шығып отыр. Мәселен, 500 тенгенің есік тұтқасы қазір 2-3 мың теңге болып кетті. Содан кейін сұраныс өңеге, трендке байланысты көбісі асуы жиһазына жарық қондырғысы келеді. Мұның өзі кем дегенде 100 мың теңгеге келеді. Бұрын жиһаздар 300-400 мың болса, қазір 1-1,5 миллионға шығып жатыр. Жиһаз бағасының қымбаттауының проблемасы осында, – дейді кәсіпкер Жібек Қожахметова.

БҮЛ САЛАДА ЖЕТІСТІК АЗ ЕМЕС

Әлеуеті күшті саланың бүгінде жеткен жетістігі аз емес. Уақыт талабына сай жиһаз өндірушілер ізденудің нәтижесінде үлкен жетістікке жетіп келеді. Қазір ақшаң болса, жергілікті жиһаз өндірушілер кез келген жиһаз түрін жасап бере алады.

– Жиһаз өндірісі өте қарқынды дамып келеді. Он жыл бұрын сұраныс басқа еді, үлгілері қарапайым, бағасы қолжетімді. Қазіргі сұраныстың бағасы өте қымбат. Бұл халықтың табысына, көзқарасына талғамына байланысты. Табысы жетпесе, сұраныс болмас еді ғой. Қазір тапсырыспен жиһаз жасауға халық өте ынталы. Біздің жасап жатқан жиһаз үлгілеріміз еуропалық стильден асып түспесе, кем емес. Сұранысқа сай бұрынғы «Барокко», «Хайтек», «Неоклассика» үлгілерін қайта жаңғыртып, жергілікті жиһаз өндірушілер түрлі жаңалықты игерді. Ал проблемамыз – қажетті құрал-жабдық, заманауи станоктардың жетіспеушілігі. Бұған

Жиһаз өндірісі өте қарқынды дамып келеді. Он жыл бұрын сұраныс басқа еді, үлгілері қарапайым, бағасы қолжетімді. Қазіргі сұраныстың бағасы өте қымбат. Бұл халықтың табысына, көзқарасына талғамына байланысты. Табысы жетпесе, сұраныс болмас еді ғой. Қазір тапсырыспен жиһаз жасауға халық өте ынталы. Біздің жасап жатқан жиһаз үлгілеріміз еуропалық стильден асып түспесе, кем емес.

дейінгі алған станок тозып, жаңалықты игеруге мүмкіндігі болмай қалып жатқаны рас. Ал заманауи станоктар сатып алуға кез келген жиһаз өндірушінің қалтасы көтере бермейді. Себебі бағасы өте қымбат. Бұрын 4-5 млн тұратын станоктар қазір 15-20 млн-ға дейін өсті. Өңірде 4-5 жиһаз өндіруші ірі компания жаңа құрал-жабдық алып, халыққа қызмет көрсетуде.

Сондай-ақ тағы бір мәселе – жиһаз өндірісі айналасында алаяқтардың көбейгендігі. «Жиһаз жасаймыз» деп халықтан ақшасын алып алады да, жоғалып кетеді. Бұл жиһаз өндірушілердің мәртебесіне нұқсан келтіреді. Сондай-ақ мекемені жалға алу ақысы да қымбаттап кетті. Бұл да кәсіптің өркендеуіне кедергінің бірі екені рас. Әсіресе кәсіпін жаңа бастаған жиһаз өндірушілер үшін қиын екені сөзсіз.

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ ҚАЖЕТ

– Жиһаз өндірушілерге мемлекет қолдауы жетіспейді дер едім. Жиһаз өндірушілерге қолдау аз. Мемлекеттік тапсырыс алу да өте қиын. Себебі баға өзгермеген. Мемлекеттік тапсырыспен жиһаз алу бағасы өзгеріссіз қалған. Мамандар жетіспеушілігі де бар. Себебі жұмысқа келген адам көп табыс тапқысы келеді, 100 мың айлықты місе тұтпайтындар бар. Ал жоғары айлық төлеуге шағын цехтардың мүмкіндігі жоқ. Шикізат бағасының қымбат екенін жоғарыда айтып өттім. Шикізат сырттан келетіндіктен баға өте қымбат. Қазақстанда ЛДСП материалы өндірілсе, қуанар едік, – дейді кәсіпкер.

Бүгінде өз бетінше кәсіпті дамытқан жиһаз өндірушілер ізденіс пен еңбектің арқасында аталған кәсіпті дамытуда. Кәсіпкерлер пікірине сүйенсек, кәсіпкерлер арасында пікір алмасу, тәжірибе бөлісу жетіспей жатады. Бұл, әсіресе, кейінгі буынға аса қажет. Сол себепті кәсіпкерлерге арналған көрме, семинарлар жиі өтсе деген ұсыныс та айтылмай қалған жоқ.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

КЕУДЕСІ КҮМБІРЛЕГЕН ҚАЗЫНА



Көнеден қалған әңгімені айтатын көнекөз қариялардың ел арасында әлі де бары көңіл қуантады. Біз әңгіме арқауы еткелі отырған Серікбай Ақылтаев ағамыз осындай көкірегі ояу, кеудесі шежіреге толы қарияның қатарынан. Өзі туып – өскен Айдарлы ауылының тарихы мен жер атауларын жақсы біледі. Менің де әке-шешем бір кездері осы Айдарлы ауылының маңына егінін салып, төрт түлігін түлетіп, жаз жайлауы етіп қоныстанған екен. Осы ауылдың маңындағы «Ақдөн» деген жерде дүние есігін ашыпты. Сондықтан да болар «Айдарлы» ауылы десе, елең ете қаламын.

Сәті түсіп Серікбай ағамен әңгіме-дүкен құрдық. Бүгінде ол кісі қаладағы кенже баласының қолында тұрады. Бұл басқосуда алдымен ауылды әңгіме етті. Содан ағамыз өз өмірінен сыр шерте отырып, Айдарлы атауын артыдан ағытты.

– Айналайын, мен де жас кезімде бұрынғы көнекөз, үлкен кісілердің ауыз-екі айтқандарынан естігенімді, білгенімді, есімде қалғанын айтайын. Негізі менің әкем Ақылтай осы ауылда алғаш Артель құрылған күннен бастап еңбек етіп, ауылдың іргесін қалаған кісілер қатарынан. Кейіннен Айдарлы колхозы болған жылдарда да ұзақ жыл шопан болды. Содан зейнетке шықты. Шопанның баласымын. Мына Жұмақұл жеген екеуміз әке таяғын жалғастырып шопан да болдық. Колхоздан кейін Жетікөл ауылдық кеңесінің құрамында Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді ауылдары енді. Біз ол кезде Аманкелді совхозының бөлімшесі ретінде сол совхозға қардық.

1974 жылы өз алдына Айдарлы совхозы болып құрылып, бізге алғаш Барзахан Бейсов директор болып келді. Ол жігіт өте іскер азамат еді. Бірақ өмірден жастай кетті. Оның орнына Әбсәми Оразалиев келді. Ол да өмір мектебінен өткен, іскер азамат болатын. Шаруашылық негізінде мүйізді ірі қара мен ақылды қой өсірумен айналысты. Сойтіп, ауылдың халқы өсіп-өніп, әлеуметтік-экономикалық дамуы артты. Кейіннен ауылда 50 жылға жуық көлік жүргізушісі болып жұмыс істедім. Еңбегім еленіп бірнеше рет социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, талай значок-медалдарды кеудеме тактым. Ленинің 100 жылдығы медалімен марапатталдым. Адал еңбегімді ел бағалап, 1975 жылы КСРО Жоғарғы кеңесінің өкімімен «Құрмет белгісі» орденінің иегері атандым. Бұл менің еңбектен тапқан бақытымның жемісі еді.

Өмірлік жарым Жұмақұл жеген екеуміз осы ауылда бірдей еңбек еттік. Бірнеше бала тәрбиелеп өсіріп, бүгінгі күні солардан өрбіген немере-шөберені рахатын көріп жатырмыз. Алғаға шүкір! Айналайын, саған енді бір нәрсе айтайын, осы қалаға келгелі ардагерлер қатарынан қалып қойдым. Қалалық ардагерлер ұйымы осы жағын ескерсе деймін, өзім бұрынғыдай шауып жүре алмаймын. Осы жағы шамалап жаным батып жүр, – деп Серікбай ағамыз жабырқаулы күйін білдірді. Сәл үнсіздіктен кейін жақсы әңгіме жалғасын тапты.

– Жаңа сөз басында Айдарлы тарихын сұрап қалдым. Енді осыған байланысты білгенімді айтайын. Айдарлы ауылы негізінде Айдарлы әулиенің атымен аталған. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын осы аймақта Айдарлы деген әулие, көріпкел, емшілігі бар қасиетті кісі өмір сүрген. Менің алдымдағы үлкендерден естігем бойынша, ол кісі емші, балгер, басқалығы бар адам болған көрінеді. Кең дәулет еркін өмір сүрген. Арабша саяула болған деседі. Ол кісі анасынан тұғанда кәдімгі ұзын айдармен дүниеге келіпті. Содан оның есімін айдармен туыласын Айдарлы деп атаған. Міне, ол кісінің кереметі. Бұл өмірде өте сирек кездесетін жағдай болса керек. Ол кісі қай жылдары өмірге келгенін ешкім білмейді.

Бәлкі, арабша ілім барлығына қарағанда, Қожжан қожа бабамен бірге келді ме екен деп те ойлаймын. Ал біздің кезеңдердегі үлкендерді айтуынша, Қожжан қожа баба Асанас әулиенің арнайы шақыруымен келген дейді бұл жерге. Асанас баба негізінде Құл Қожахметтің тікелей шәкірті болғанын үлкендерден естігем. Бұдан басқа да Айдарлы әулиені қатар Қотыр әулие деген кісі болған. Айдарлы маңында «Қотыр» әулие деген жер атауы да бар. Ал ауыл жанында «Айдарлы» құмы бар. Ол құмның ерекшелігі сонда, оның төбесінде бір шөкім айдардай ғана өсіп тұрған қызыл жыңғыл болатын. Содан да болар, жергілікті халық бұл құмды Айдарлы әулиенің есімімен байланыстырып атаған. Бүгінде оның айналасы үлкен қорымға айналған, – деді Сәкен.

Үлкендердің айтуынша, Айдарлы әулиенің айтқаны дәл келетін болған деседі. Бірде осы аймаққа Бұқар хандығы

шабуыл жасамақ болып, дайындалып жатқанын болжаған екен дегенде сөздер айтылады. Серікбай ағамыздан бұл оқиға жайында сұрадық: Кім біледі, әулиелік қасиеті болғасын, оны сезген де шығар. Сол кездерде осы Анас қорғанысының қамалын күшейтуді сұрап, өзінің көрген түсін елге айтқан екен дейді. «–Ее, халқым, кеше түнде түс көрдім, түсімде жаман іс көрдім. Алла жамандықтың бетін аулақ етсін. Түсімде дүниенің астан-кестенін шығарып, су басып келеді екен. Бір алып жайын арнында сол сумен ағып келе жатып жолындағы көрінгенді жүйтіп, құйрығымен қағып айналасын жайлап, келеді. Шыққан жағы Бұқара секілді, су сылдырының үніне құлақ түрсем, өзбектің қошығы секілді дауыс шығарады. Сол кезде анау Сарықұмның үстінде жылп-еңіреп тұрған көп адамды көрдім. Олар көмек сұрап бізге қарай ағылып, жығылып-сүрініп келеді. Осы шақта қорғанысты ашып оларды ішке кіргізіп алдық. Оларға қарасам, мынау көршілес жатқан тік қалпақты Қарақалпақ ағайындар сияқты. Дәл осы шақта біз жатқан Қаратау көтерілгендей қап-қара дәу бүркіт саңқылдай аспанға қарай ұшты. Жиналған жұрт аспанға қарап тұр. Сол екі ортада күннің көзі жабылып, айнала қараңғыға айналғандай болды. Сәлден соң сыздықтай сәулеленіп айналаға жарық орнай кетті. Жұрт аспанға қолдарын көлегейлей қарап, жаңағы қыран бүркіттің дәуқара жайынды әкеліп, жұрттастай салғанын көргенде, жабыққан жұрт қуанып жатты. Міне, халқым осындай түс көрдім. Асанас әулиені қара бүркіті бар деуші еді, бағанағы бүркіт сол болса керек. Үл жокқа ұл, қыз жокқа қыз берерде тілек тілеген адамдардың түсіне осы қыран құс емес, тілегін Алла қабыл етеді деуші еді. Алла қолдап, жерімізді жау ала қоймас. Біздің азаматтардың әрқайсысы осы қыран бүркіттей ғой. Дегенмен бір сойқанның болары анық. Не де болса да азаматтардың дайын болғаны дұрыс», – деген екен. Айдарлы жерінде Жошыханның жорығының ізі қалған, Қоқан хандығы мен Бұқара хандығы ойран салмаз деп белдері бүгіліп қайтқан жер екені белгілі. Содан көпке ұзамай Бұқара хандығы қазақ жеріне шабуыл жасағанда Нұрет абыз бен Жалбыр батыр жаудың бетін қайтарыпты. Оның үстіне Қарақалпақ ханы Шорахан осы соғыста көмекке келген деседі. Міне, Айдарлы әулиенің үлкендерден мен естіген әңгіме желісі осылай еді, – деп Серікбай ағамыз терең бір тыныстап алды да алдында тұрған қураң шайды құныға жұтты. Бойы сергі түсіп, қызықты әңгімені ұштастыра берді.

– Інім-ау, адамның жасы ұлғайған сайын көп нәрсені ұмыта бастайды екен. Көп нәрсені алдымыздағы ауылдың үлкендерінен естіп білдік қой. Соның кейбірі естен шыға бастапты. Мынау Асанас бекінісінің тұсында Жеті зауыт деген жер бар. Сол Жеті зауытқа кезінде жоңғарлар қайта-қайта шабуыл жасап, қирата берген ғой. Соны сақтау мақсатында жанында Ақтөбе деген биік төбе тұрғызылған. Оны сол кездегі адамдар жаудан алдын-ала қорғану үшін қолмен көтерген деседі. Бүгінде ол төбе алыстан бірнеше шақырым жерден аппақ болып көрініп тұрады. Соған байланысты жергілікті жұрт оны «Ақтөбе» деп атаған. Оның себебі төбенің астында жасырын «Асанас» пен «Жеті зауытқа» кіретін ұзақ жол болған деседі. Бекініс адамдары төбеде күзетте тұрып жаудың келе жатқанын жайлы төмендегі сарбаздарды құлақтандырып отырған. Олар сол жасырын жол арқылы бекініс шіне хабарды жеткізген. Бұл да ауыл қарияларынан естіген әңгіме еді, – деген Серікбай аға өзінің сәл болса да шаршап қалғандығын байқатты. Қанша дегенмен сексеннің төртеуіне келген қария ғой. Ол кісіге осындай қызықты әңгімесі үшін рахметімді айтып, сыртқа беттедім.

Иә, Айдарлы жайлы әңгімеге жаным рахаттанып, ой-қиялым әлемді шарлап, шабыттана ойге бет алдым.

Кенжылы ЕРІМБЕТОВ, ҚР Журналистер одағының мүшесі

БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

– Биыл Қызылорда қаласында мектеп құрылысы қарқын алмақ. Яғни, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыс орталығынан заманауи үлгідегі 8 мектеп салу жоспарланған. Оның бесеуінің құрылысы биылғы жылы басталады. Атап айтқанда, СПМК-70 мөлтек ауданынан 2000 орындық және Арай-3 аудан бойынша 2000 орындық, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 900 орындық мектеп, КБИ мөлтек ауданынан 600 орындық мектеп, Қызылжарма елді мекеннен 900 орындық мектеп құрылысы басталады. Сонымен қатар Қызылорда-Жезқазған трассасы бойындағы 600 орындық мектептің құрылысын биыл аяқтап, маусым айында пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз, – деді бөлім басшысы Ерлан Тенізбайұлы.



Өткен жылы да ауқымды жұмыстар атқарылған. Атап айтсақ, №10 Ы.Алтынсарин атындағы мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Айнакөл ауылындағы №175 орта мектеп ішінде орналасқан автономды бу қазандығы сыртқа шығарылған. Сондай-ақ №261 мектеп пен «Қунақ» балабақшасы ғимараты көгілдір отынға қосылған. Бұл жұмыстардың жалғасы ретінде осы жылы 4 мектепке, яғни №15, №212, №211, 222 мектептеріне толық күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Басы 1-бетте

Бүгінде облыс орталығындағы мектептерде 34457 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Оның ішінде 28363 оқушыға 9 қантардан бастап бір реттік ыстық тамақ беріле бастады.

Баланың қауіпсіздігі де басты міндет. Сондықтан да білім бөлімі оқу ошақтарындағы қауіпсіздікке ерекше назар аударады. Мәселен, қалалық білім бөліміне қарасты 55 мектептің, 28 балабақшаның барлығына бейнебақылау камералары орнатылған. Білім бөліміне қарасты 55 мектепте 2272 камера орнатылса оның 1496-ы ғимарат ішінде, 716-ы ғимараттың сыртқы ауласында орналасқан.

– Білімнен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, инклюзивті білім алуға жағдай жасаған мектептердің үлесін арттыру мақсатында 42 мектепте арнайы мамандар жұмыс жасауда. Қала бойынша 39 мектепте инклюзивті білім беруге жағдай жасалған. Бұл барлық мектептердің 71%-ын құрайды, – деді бөлім басшысы брифингте.

Облыс орталығындағы білім саласының жан-жақты өркендеуіне жасалған жағдайлар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Айтолқын
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



– Гүлжан Тореханқызы, жалпы эндокринология саласы негізгі маманы. Эндокринология – эндокриндік бездер дегеніміз не? Оның маңызы қандай?


– Эндокринология – эндокриндік бездердің құрылысын, қызметін, олар бөліп шығаратын гормондарды және аталған бездердің қызметінің бұзылуынан болатын түрлі ауруларды зерттейтін медицина саласы. Адам ағзасындағы зат алмасу процесін реттейтін ішкі секреция бездері болады. Олар ағзаның дұрыс жұмыс істеуіне, деннің сау болуына қажетті гормондарды бөледі. Эндокриндік жүйе бұзылса кант диабеті, қалқанша безі сырқаттары, оның ішінде гипотиреоз, жайылмалы уытты жемсау (зоб), түйінді жемсау, гипопаратиреоз, сонымен қатар гормональды гипопаратиреоз, акромегалия, пролактинома, кантсыз диабет сынды аурулар пайда болады. Яғни ағзадағы эндокриндік бездердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан эндокриндік жүйеде өзгеріс болса, онда ол басқа бездердің қызметінің бұзылуына әкеледі. Мәселен, қалқанша безі қабынып, қызметі бұзылса, одан ағзаға бөлінетін қажетті гормондар өзгеріске ұшырайды. Соның салдарынан жоғарыда аталған аурулар пайда болады.

– Науқастардың емханаға барып, тұрақты тексеруден өте бермейтіні белгілі. Соның салдарынан ол өзінде мұндай аурудың белгісі барын білмеуі мүмкін. Бұл диагноздардың белгісі қандай болады?

– Біздің осал тұсымыз осы ғой. Денсаулығын ойлайтын әрбір тұрғын кемінде жылына бір рет дәрігерлердің тексеруінен өтуі тиіс. Алайда уақыт тапшылығы бар, басқа да себептермен бұған неғұнбай қараймыз. Өкінішке орай, көп жағдайда ауру асықшып, науқасты қатты мазалаған кезде ғана дәрігерге келеміз. Жана айтып өткенімдей гипертиреоз йодтың мөлшерден көп болуы салдарынан болады. Ал гипотиреоз тапшылықтан туындайды. Сол сияқты екеуіндегі белгілерде қарама-қарсы көрінеді. Мәселен, гипертиреозда жүрек қағысы жоғары болады. Сонымен бірге арықтау, терлеу, дене қызуының көтерілуі, тітіркену, ауа жетпеу, дірілдеу, тез шаршағыштық пайда болады. Одан бөлек қалқанша безінің көлемі өскендіктен жұтынғанда тамақта бірдене тұрған сияқты сезіледі. Мойынның алдыңғы бетінің ұлғаюы байқалады.

Ал гипотиреоз жағдайында әлсіздік, шаршау, ісіну, салмақ қосу, ағзада су жиналу, іш қату, шаш түсу, терінің құрғақтығы, делсал күйде жүру, ұйқышылдық белгісі пайда болады. Жалпы қалқанша безі ағзадағы зат алмасу процесін жүргізетін тироксин гормонын бөледі. Бірінші жағдайда зат алмасу процесі тез болса, екіншіде баяу жүреді. Жалпы өңірде қалқанша безінің гипотиреоз түрі әйел адамдарда жиі кездеседі. Әсіресе орта жастағылар мен жас қыз-келіншектерге көп қойылатын диагноз осы.

Гипертиреозда жүрек қағысы жоғары болады. Сонымен бірге арықтау, терлеу, дене қызуының көтерілуі, тітіркену, ауа жетпеу, дірілдеу, тез шаршағыштық пайда болады. Одан бөлек қалқанша безінің көлемі өскендіктен жұтынғанда тамақта бірдене тұрған сияқты сезіледі. Мойынның ұлғаюы байқалады. Гипотиреоз жағдайында әлсіздік, шаршау, ісіну, салмақ қосу, ағзада су жиналу, іш қату, шаш түсу, терінің құрғақтығы, делсал күйде жүру, ұйқышылдық белгісі пайда болады. Жалпы қалқанша безі ағзадағы зат алмасу процесін жүргізетін тироксин гормонын бөледі. Бірінші жағдайда зат алмасу процесі тез болса, екіншіде баяу жүреді.



ДЕНСАУЛЫҚ

мендер. Ал тікелей қалқанша безінің жұмысын жақсартуға йод препаратын ішу керек. Әсіресе, жүкті әйелдер йод тапшылығын тудырмағаны абзал. Сондықтан дәрігермен ақылдаса отырып, тек қажетті мөлшерде ғана қабылдаған жөн. Йод қабылдауға болмайтын жағдайларда кездеседі. Мәселен, гипертиреоз жағдайында йод ағзада шектен тыс мөлшерде болады. Мұндайда йод ішуге болмайды. Сол үшін дәрігердің көмегіне жүгінген дұрыс. Бұл барлық дәрумендер мен минералдарды қабылдауға да қатысты.

– Әңгімелескеніңізге рахмет!

Қаназдық қауіпті ме?

Бүгінде кең тараған ауру түрлерінің арасында қаназдық жиі айтылады. Оның белгісін адамның өңінен-ақ аңғару қиын емес. Тек оған аса мән бермейміз. Білген күннің өзінде оған бейжай қараймыз. Салдарының қаншалықты ауыр екенін аңғармаймыз.



Негізінен қаназдық өзіңнен сырқат саналмайды. Алайда оған ұшыраған науқаста түрлі аурудың белгілері байқалады. Дәрігерлер кез келген аурудың алдын алу керектігін жиі айтады. Қазір кеңінен етек алып бара жатқан бұл аурудың негізгі себебі – қан құрамындағы эритроциттердің азайып, темірлі нәруызды құрайтын гемоглобиннің төмендеуі. Дәрігерлер көп қан кету, түрлі ауру әсерінен эритроциттердің тіршілігін жоюы, темір жетіспеушілік салдары да қандағы зат алмасу процесінің бұзылуына әкелетінін айтады. Мұндай сәтте ағзадағы қан сұйылып, жүрек соғысы жиілейді әрі оған күш түсіреді. Ал бұған жол бермес үшін алдымен тағамның рационалына баса назар аударған жөн. Сондай-ақ түрлі дәрумендерді ішкен дұрыс. Осы орайда қаладағы Q-med емханасының терапевт-дәрігері Ұлжан Маратқызы қазіргі кезде халықтың басым көпшілігінде қаназдық белгісі барын айтады.

– Ағзадағы барлық жасушаларға қоректік заттар мен оттегі қан арқылы қамтамасыз етіледі. Ол ағзада тасымалдау, реттеу, ас қорыту, тыныс алу, қорғаныш сынды қызметті атқарады. Ал оның құрамындағы эритроциттің бұзылысы қаназдық (анемия) тудырады. Мұндай сәтте адам әлсіз, тез шаршағыш болады. Тері бозарып, тістегі қызыл нектің, тырнақ етінің ағаруы байқалады. Ал оның ауыр түрінде жүрек соғысы жиілеп, аяқта ісіну, демігу көрініс береді. Сондай-ақ кей науқастар топырақ, кесек жеуге құмар. Бұл қаназдықтың белгісі. Әсіресе ол аяғы ауыр әйелдерге тән. Өкінішке қарай көбіміз бұған баса мән бермейміз. Қаназдық екенін білсе де қажетті дәруменді тұтынбай жүре беретіндер бар. Оның соны өте қиын жағдайға әкел соғады. Қаназдық көп ауруды туғызушы фактор, – дейді маман.

Иә, расымен оған көбіміз жеңіл қарайтынмыз бар.

Қаназдық қазір балалар арасында да жиі байқалады. Әсіресе 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерде көп кездеседі екен. Оған, әрине, жүкті кездегі ананың дұрыс тамақтанбауы, темірге бай тағамды аз тұтынуы, дәрумендер қабылдамауы әсері ететіні анық. Десек те жана босанған келіншек өзімен бірге сәби денсаулығына да ерекше ден қойғаны дұрыс. Бұл ретте маман балаға ана сүтінен бөлек қосымша тағам берудің де қажет екенін жеткізді.

Әрине, барлығымыз бірдей бірінші байлықтың қамын ойласақ, кез келген дерттің алдын алуға болар еді. Қаназдықтың салдары сан соқтырмасын десек, салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтануды қолға алған абзал. Әсіресе, болашақ ана ұрпағының саулығын бүгінгі күннен қамдауы тиіс.

ЖЫЛЫНА 2 РЕТ ЙОД ТЕРАПИЯСЫН ЖАСАҒАН ЖӨН

– Қалқанша безі қабынады дедіңіз. Бұл неден пайда болады?

– Қазір көп адамдарда ұйқышылдық, ашуланшақтық, стресс, әлсіздік белгілері, әйелдер арасында бедеулік ауруы көбейіп келеді. Мұның бәрін реттеп, ағзаға күш, қуат беретін ол гормондар. Осы гормондарды қалқанша безі бөліп шығарады. Жана айтып өткендей қалқанша безінде өзгеріс болса, онда қажетті гормондардың да бөлінісі өзгеріске ұшырайды. Бұл өз кезегінде атап өткен жағдайларға әкеледі. Ал алдын алып, уақытында емдемесе кант диабеті, жайылмалы уытты жемсау (зоб) сырқатына ұлашуы мүмкін. Қалқанша безі қабынуының себебі көп. Мәселен иммунитеттің төмендеуінен қабыну болады. Осы қабыну кезінде гормондар дұрыс бөлінбейді. Ол адам ағзасының дұрыс жұмыс істеуіне кері әсерін береді.

– Қалқанша безінің қызметі ағзадағы йод тапшылығынан бұзылады дегенді жиі естиміз...

– Иә, ағзада йод тапшылығынан қалқанша безінің немесе жемсаудың (зоб) көлемі ұлғаяды. Себебі қалқанша безінен бөлінетін гормондар йод элементінен тұрады. Сондықтан йод тапшылығы болдырмау керек. Дегенмен қалқанша безінің қызметі тек тапшылықтан емес, йод шамадан тыс артық болса да бұзылады. Яғни гормондар қызметі жоғарылап кетеді. Мұны медицинада гипертиреоз деп айтады. Бірақ біздің өңірде гипотиреоз (йод тапшылығы) жағдайы жиі кездеседі.

– Гипертиреоз бен гипотиреоз жағдайына кеңінен тоқталсаңыз...

– Гипертиреоз дегеніміз қалқанша безі қызметінің, гормондардың жоғарылауы. Бұл жағдайда да уытты жемсау ауруы пайда болады. Екінші жағдай гипотиреоз деп аталады. Бұл қалқанша безі қызметінің төмендеуі. Жоғарыда айтып өткендей йод тапшылығынан туындайды. Бұл диагноз әйелдер арасында өте жиі кездеседі. Ағзада йод тапшы болғандықтан қалқанша безі өз қызметін толық атқара алмайды. Сол себепті жұмысы бәсеңдейді. Жалпы гипотиреоздан кейін қалқанша безі түйіндері (узловой зоб) көп кездеседі.

Олар жұтынғанда қолайсыздықты, бірнәрсені тұрған сияқты, ауа жетпеу, тұншығып қалғандай сезінеді. Ал ұйқышылдық, әлсіздікті көбіне жұмыс істеп шаршағаннан деп ойлағандықтан дәрігерге жүгіне бермейді.

– Бұл сырқаттан толықтай айығуға бола ма?

– Қалқанша безі ауруларының емі оның түріне байланысты. Толық емдеуге болатын түрі болады. Қазір емделгеннен кейін қайталанатын жағдайда кездеседі. Сонымен бірге айығуға келмейтін, тек дәрі-дәрмек, уақытылы ем-дом, күтіммен ғана қалқанша безінің жұмысын реттеп отыратын түрі де бар.

– Мұның алдын-алу үшін не істеу керек? Қандай дәрумендер ішкен дұрыс?

– Ол үшін йод дәрі-дәрмегін тұтыну керек. Ересектер 200 мл, жасөспірімдер 150 мл, балалар 100 мл көлемінде қабылдап отыру керек. Жылына 1-2 рет осылай йод терапиясын жасау керек. Сол кезде қалқанша безінде йод тапшылығы болмайды және аурулар дамымайды. Сонымен қатар қалқанша безінің жұмысына кедергі жасайтын басқа да ауруларды болдырмау керек. Мысалы, қаназдық ауруы, жоғары тыныс жолдары инфекциясы, вирусты, бактериялы инфекцияларды уақытылы емдеп, асқындырмау керек. Бұдан бөлек ағзаға қажетті минералдар мен дәрумендер, амин қышқылдарын ішу қажет. Оның ішінде D3, омега3, мырыш (цинк), селен ең қажетті дәру-



Бетті дайындаған АйдаНА СЕЙІЛ

Басы 1-бетте

Таңғы ас ішудегі 3 қателік

Күнделікті таңғы асқа не жейтінімізді жоспарламайтынмыз анық. Танертен ұйқыдан тұрған соң тонзасықтағы жұмыртқаны, не ботқаны асып жеу қалыпты әдетке айналған. Нутрициолог мамандар таңғы астың адамның күні бойы қуатты, тын жұруіне үлкен септігі барын айтады. Сондықтан таңғы ас ішуде қателікке жол бермеген абзал.

Маман танертенгі мезгілде көмірсу, ақуыз, жасуыққа бай өнімдер міндетті түрде болу керетін айтады. Сондай-ақ таңғы ас ішудің реттілігін де қалыптастыру керек екен. Мәселен, алдымен құрамында көмірсу мен ғана ботқа жесеңіз асыңыз сінімді әрі пайдалы арналған. Оның қасына міндетті түрде жасуық арылғысы келетін жандарға арналған. Жұмыртқаны да өзін жеуге болмайды. Оның қасына міндетті түрде диеталық нан немесе дәнді ұнан жасалған нанды қосыңыз. Сінімділігі жағдайда инсулин көтерілмейді, кант жоғарыламайды. Сінімділігі де ұзақ болады. Сондай-ақ бұл мезгірге қияр, қызанақ қоссаңыз да болады.

Эндокринолог маман таңғы аста құрамы ақуыз, жасуық және көмірсуға бай өнімдерді тұтынудың пайдалы әрі оны реттілігімен ішудің жөн екенін ескертті. Ал сіз таңғы ас ішесіз бе?

Скринингтік тексеруден өтуден қапы қалмаңыз

Тұрғындар скринингтік тексеруден тұрғылықты жердегі емханадан өте алады. Алдын ала тексеру барлық науқасқа тегін жүргізіледі. Дегенмен белгілі бір ауру түріне байланысты толық тексерістен өту, маманнан кеңес алу (эндокринолог, кардиолог, офтальмолог) рентгенге түсу міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы жүзеге асады. Яғни мұндай жағдайда науқас сақтандырылған болуы шарт.


Дәрігерлер көпшіліктің скринингтік тексеруден өздігінен өтпейтінін, тіпті арнайы шақырғанның өзінде келмейтінін айтады. Ал бұл тексеріс көптеген кәтерілі аурудың алдын алуға, ерте кезден анықтауға, емдеуге үлкен көмек береді.

Мұндай тексерістен мінез-құлықтың қауіпті факторларын ерте анықтау мақсатында 30-39 жас аралығындағы әйелдер;

артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, кант диабетін және глаукоманы ерте анықтау үшін 40-тан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер; жатыр мойны обырын ерте анықтауға 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер; сүт безі обырын ерте анықтауға, екі проекцияда маммографияға тексеруден 40 – тан 70 жасқа дейінгі әйелдер; колоректалдық обырды ерте анықтау мақсатында 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер гемокульт-тесттің көмегімен тексеруден өтеді.

Скринингтік тексеруден өткендерге қажет болған жағдайда терендетілген диагностика жасалады.

Сондықтан дәрігерлер көңіл-күйіңізге, денсаулығыңызға ешқандай шағым болмаса да, скринингтен міндетті түрде өту қажеттігін ескертті. Алдын алу шарасы – сіздің денсаулығыңызды қорғаудың маңызды әдісінің бірі.





Жақында ғана аяқталған Бангкок қаласындағы 22 жасқа дейінгі Азия чемпионатында жерлесіміз Нұрсұлтан Алтынбек алтыннан алқа тағынған еді. Саңлағамыздың жеткен жетістігіне Сыр жұртшылығы қуанды. Осы қуанышқа ортақтасып, спортшымен сұхбаттасқан едік.

ЧЕМПИОН БОЛУ — БӘРІНЕ БІРДЕЙ БҰЙЫРА БЕРМЕЙТІН БАҚ

—2017 жылы Әлем чемпионы болған Қайрат Ералиев, 2021 Әлем біріншілігінде алтын алған Сәкен Бибосынов сынды ағаларыммен, Әлем чемпионатында күміс жүлде иеленген Махмұд Сабырхан бауырымызбен оқу-жаттығу жиынында тәжірибе алмасқанбыз. Қазақ боксшылары алдағы уақытта үлкен жетістікке жетеді деп ойлаймын. Осы мақсатта өзіміз аянбай еңбек ететін боламыз.

— **Чемпион болғанда қандай күй кештіңіз?**

— Азия чемпионаты өте жоғары деңгейде өтті. Біз үшін тәжірибе жинайтын біріншіліктің бірі болды. Әрине, жеңімпаз атанған соң көңіл-күйіміз көтеріңкі, барлығына дән ризамын. Дегенмен арманым біртабап болса да жақындағандай күй кештім. Бұл жетістікпен тоқтап қалмаймыз. Алдағы жылдары халықаралық турнирлерге, Азия, Әлем чемпионатына тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргіземіз.

— **Спорттағы басты арманыңыз қандай? Енді спортпен шұғылданып жатқан жастарға ақыл-кеңес айта өтесіз...**

— Кез келген спортшының арманы — бірінші кезекте олимпиада жеңімпазы болу. Арманыма жету үшін бар күшімді саламын. Алда болатын Әлем чемпионаты мен Азия біріншілігінде топ жару — менің ең үлкен арманым. Ұстаздарымыз: «мықты спортшы болу кез келгеннің қолынан келеді. Бірақ чемпион болу — бәріне бірдей бұйыра бермейтін бақ» дейді. Осы бақ біздің басымызда ұзақ тұрса екен, — деп тілеймін.

— **Қайырлы күн! Азия чемпионы болғаныңыз құтты болсын! Сіздің бокспен айналысуыңызға кім себепкер болды? Ең алғашқы бапкеріңіз жайлы айтып берсеңіз...**

— Спортқа келуіме өзімнің Бекарыс есімді жиенім себепкер болды. Екеуміз бала кезден боксқа қызығып, бірге шұғылдана бастадық. Алғашқы ұстазым — Жаңабек Әлиев. Ағамызбен бірге біраз долада топ жардық. Жасөспірімдер арасында Азия біріншілігінің күміс жүлдегері, Жастар арасындағы Азия чемпионы атандым. Қазіргі таңда Қызылорда қаласының аға жаттықтырушысы Жамиль Жүсіповпен дайындық жұмыстарын өткіземін.

— **Былғары қолғап шеберлерінен кімді үлгі тұтасыз?**

— Қазақ еліне белгілі барша былғары қолғап шеберлерін үлгі тұтамын. Ешкімді бөлек жармаймын. Барлығы да жол көрсететін ағаларым. Әрбір спортшының арманы тұғырдың ең биігіне көтеріліп, елінің ануынан шырқату деп ойлаймын.

— **Шыңдалу мақсатында қандай спортшылармен тәжірибе алмастыңыз?**

«Жетістікке жетудің жалғыз ғана жолы бар.

Ол — еңбек. Әлі күнге дейін бұл менің өмірлік қағидам болып келеді. Шәкірттерге де еңбексіз ештеңе болмайтынын айтып отырамын».

Қайратбек
ӘЛІМБЕТОВ,
спорт
бапкері



Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

АҚЫЛДЫЛАР БӘСЕКЕСІ

Қызылорда қаласында шахматтан жасөспірімдер арасында облыс біріншілігі өтті.



Жарысқа 8, 10, 12, 14, 16 жас аралығындағы спортшылар қатысты. Біріншілік қорытындысы бойынша қыздар арасында (8 жас) 1-орын Сабина Абылай, 2-орын Айзере Мейірманқызы, 3-орынды Алтынай Үсенқызы иеленді. Ерлер арасында (8 жас) 1-орын Нұрасыл Несіпәлі, 2-орын Досымжан Махамбетов, 3-орынды Жансұлтан Абсадық жеңіп алды. Қыздар арасында (10 жас) 1-орын Аружан Токтарбаева, 2-орын Жәния Мәжит, 3-орынды Рәбия Жаппар иеленді. Ерлер арасында (10 жас) 1-орын Ернұр Ержанұлы, 2-орын Азат Әмре, 3-орынды Алдияр Асылбек жеңіп алды. Қыздар арасында (12 жас) 1-орын Зейнеп Жаппар, 2-орын Кәусар Сейітжан, 3-орын Айжұлдыз Қанатқызы иеленді. Ерлер арасында (12 жас) 1-орын Ақылжан Мейірманұлы, 2-орын Аймұхаммед Жаңабеген, 3-орынға Жұбаныш Садыбек ие болды. Қыздар арасында (14 жас) 1-орын Кәусар Әли, 2-орын Зарина Нағашбек, 3-орынға Әйгерім Бекболатқызы иеленді. Ерлер арасында (14 жас) 1-орын Хантәңірі Жаппар, 2-орын Нұрсат Оспан, 3-орынды Смағұл Қабылбек жеңіп алды. Қыздар арасында (16 жас) 1-орын Әйнеп Жұмаділдақызы, 2-орын Қаракат Шамшаддин, 3-орынды Мереке Мұрсал ие болды. Ерлер арасында (16 жас) 1-орын Қуандық Кенесов, 2-орын Олжас Азатжанұлы, 3-орынды Мелет Омар иеленді.

ЧЕМПИОНҒА ҚҰРМЕТ

Бокстан Тайландта өткен Азия чемпионатының жеңімпазы Гүлсая Ержан Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаевтың қабылдауында болды. Аудан басшысы



спортшыны тарихи жеңісімен құттықтады. Гүлсая мен бас бапкері Бақытбек Құлбаев арнайы алғыс хатпен марапатталды, сыйақы табысталды. «Азия чемпионатында көк байрағымызды көкке көтеріп, Әнұранымыздың үнін асқақатқан жеңісіңізбен құттықтаймыз! Ауданда спорт саласын дамыту — басты назарымызда. Өзіңіздей спорт сандақтары әлемді мойындатуда» — деді аудан әкімі.

ТЕҢБІЛ ДОПТЫ ӘУЕЛЕТКЕН ДОДА

Қаңтардың 30-ы жұлдызында Жаңақорған кентінде аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық «Ауған соғысы ардагерлері және патриот жастары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай футболдан жарыс өткізілді.



Жарысты аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов ашып берді. Теңбіл доп додасына 1986-1993 жылғылардан құралған 8 команда қатысты. Тартысты өткен сайыс қорытындысы бойынша 1-орынды 1990 жылғылар командасы иемденсе, 2-орын 1988 жылғыларға бұйырды. Жұлделі 3-орынды 1989 жылғылар командасы иемденді.

РЕСПУБЛИКАДА МЫҚТЫЛЫҒЫН КӨРСЕТТІ

Осы жылдың 23-26 қаңтарында Жамбыл облысында Қазақстан Республикасының Таеквондо (WT) федерациясының тұңғыш президенті Бексейіт Түлкиевті еске алуға арналған халықаралық турнир өтті.



Республикалық турнирге қатысқан өрендердің нәтижесі жаман емес. Атап айтқанда, 24 келі салмақ дәрежесінде күш сынасқан Константин Кім 1-орын иеленді. 26 келі салмақ дәрежесінде Аруна Ерболатқызы қарсылас шәк келтірмеді. 24 келі салмақ дәрежесінде Әбілмансур Әміт пен Әлібек Бауыржан жұлделі 3-орынға қол жеткізді.

ҚОЛ ДОБЫНДА БАҒЫМЫЗ ЖАНДЫ

Өңірімізде гандбол қарқынды дамуда. Облысымыздың бұрынғылары Қазақстан біріншілігінде алдына жан салмайды. Былтырғы жылы қыздар командасы ел үздігі атанып еді. Осы жылы спорттың бұл түрін аудандар да өткізуде.

Гандболдан әйелдер командасы арасындағы Х облыс чемпионатының I айналымы өтті. Іріктеу ойындары Жаңақорған кентінде ұйымдастырылды.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз белгілі жаттықтырушы, мыңдаған балаға тәлім берген бапкер — Қайратбек Әлімбетов. Ол — бапкерлік пен жаттықтырушылықта бағы жанған спортшы.

БАПКЕР

Қайратбек Әлімбетов бала күнінен спортқа құмар еді. Он жасынан бастап мектептегі еркін күрес үйірмесіне қатысқан. Уақыт өте спортқа қызығушылығы артып, көп уақытын залда өткізе бастаған. Ол болашақ мамандығын да спортпен ұштастырады. Бағыт берген шәкірттерін жетістікке жеткізу үшін көп еңбек сіңірді. Кейіпкеріміздің жаттықтырушы болып қызмет атқарғанына биыл 34 жыл болады екен.

Ол кісі өзі бапкерлік жолындағы есте қаларлық сәттің көптігін айтты. Тіпті Бакудегі Әлем чемпионатында шәкірті топ жарғанын да тілге тиек етті. — 2012 жылы ұйымдастырылған Бакудегі Әлем чемпионаты мен үшін ерекше жарыстың бірі. Мен жаттықтыратын Айтұған есімді балуан турнирде қола жүлдеге ие болды. Үшінші орын үшін таласта Монғол спортшысын Айтұған Жанжігітов таза жеңді, — деді Қайрекен өткенге көз жіберіп.

Қайратбек Әлімбетов бүгінде Тасбөгет спорт мектебінде еңбек етеді. Өзінің ұзақ жылдық тәжірибесінде жаттықтырушы талай қиындықты бастан өткерген. Әр спортшының дайындығы үшін тыным таппай еңбек ету керек.

Сонда ғана нәтиже болады.

— Жетістікке жетудің жалғыз ғана жолы бар. Ол — еңбек. Әлі күнге дейін бұл менің өмірлік қағидам болып келеді. Шәкірттерге де еңбексіз ештеңе болмайтынын айтып отырамын, — дейді бапкер.

Қайратбек Әлімбетовтің айтуынша, спортшы қатысқан жарыста жеңіске жетуі үшін жігер де, рух та, күш те, әліс те керек екен.


— Балаларды рұхандырып отыру да қажет. Өзім күн сайын жаттығуды бастамай бұрын қазақ батырларының ерлігін, Отан қорғау жолындағы қаһармандығын айтып отырамын. Бұдан бөлек Азия, Еуропа, Әлем біріншіліктерін, Олимпиада сынды төртқұл дүние көз тігетін байрақты бәсекелерде топ жарған спортшыларды да үлгі етемін. Білсін, соларға ұқсап таланттансын деген мақсат қой біздікі, — деді Қайратбек Әлімбетов.

Қазіргі таңда еркін күреспен айналысатын бала саны көп. Талай таланттың бағын ашқан бапкер әлі күнге дейін шаршамды не шалдықтым деген емес. Зейнет жасына дейін әлі 5 жыл уақыты бар. Мықты спортшыны дайындау үшін тағы да еңбек етуде. Алдағы жоспары да көп. Ол отбасында үлгілі әке, сүйікті жар, қадірлі ата болып отыр.

Өмірде ең маңызды екі таңдаудан қателеспеген жаттықтырушы халық игілігі үшін тағы да жұмыс істейді. Абзал Жамал, Асхат Айдархан, Қалдыбек Қауышқанов, Айдос Алмадинов, Болат Бисенбаев, Өмірхан Құлжанбаев, Мирас Төлебиев, Сарғат Қышқабек секілді спортшылардың есімін танытқан маманның еңбегі елеулі. Қайратбек Әлімбетовтің бапкерлік жолдағы басты арманы — шәкірттерінің Олимпиада чемпионы болғанын көру.

Бетті дайындаған
Нұрдаурен ЖӘРДЕМХАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлмедер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция өзқарарымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2922 Тапсырыс №206

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолын АЙТЖАНОВА